

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Көкалажар ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 18 мамырдағы № 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 мамырда № 4198 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Көкалажар ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 12 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Көкалажар ауылдық округі әкімінің 13.12.2017 № 12 шешімімен (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 – бабының 7) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 16 мамырдағы № 08-08/193 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Көкалажар ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Көкалажар ауылдық округі Мәдениет ауылының аумағында ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының туындауына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*К. Ахметжанов*